

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән
Экономика негіздері
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Еңбекақының негізгі түрлерінің бірі

- A) төменгі
- B) айнымалы
- C) құндық
- D) бағалық
- E) тұрақты

2. Кәсіпкерлік теориясының қалыптасуына өз үлесін қосқан әйгілі экономист

- A) Р.Кантильон
- B) А.Смит
- C) А.Тюрго
- D) Ж.Б.Сэй
- E) Д.Шумпетер

3. Кәсіпкерлік формаларының бірі

- A) қосалқы шаруашылық
- B) серіктестік
- C) мемлекеттік кәсіпорындар
- D) біріккен кәсіпорындар
- E) үй шаруашылығының өндірістік қызметі

4. Адамның төлеу мүмкіндігі мен тілегін көрсететін термин

- A) қажеттілік
- B) міндеттілік
- C) арман-тілек
- D) сұраныс
- E) мұқтаждық

5. Нарықтық экономикаға жатпайтындар

- A) бәсеке
- B) салт-дәстүр
- C) жекеменшілік
- D) еркіндік
- E) тәуекел

6. Экономикалық пайда - бұл

- A) барлық айқын және айқын емес шығындар сомасы
- B) барлық тұрақты және айнымалы шығындар сомасы
- C) жалпы пайда мен барлық шығындар арасындағы айырмашылық
- D) жалпы пайда мен тек айқын шығындар арасындағы айырмашылық
- E) орташа жалпы шығындар мен орташа айнымалы шығындар арасындағы айырмашылық

7. Пайданы жоғарлату үшін

- A) орташа шығындарды азайту керек
- B) ақпараттық шығындарды азайту керек
- C) тұрақты шығындарды азайту керек
- D) баға белгілеу шығындарын азайту керек
- E) экономикалық шығындарды азайту керек

8. Жалақы дегеніміз -

- A) белгілі уақыт аралығындағы ақшамен көрсетілген сыйақы
- B) жұмысшы күшін қайта өңдеуге қажетті тауар мен қызмет көрсету мөлшері
- C) жұмысшы мен оның отбасының өмірлік құралдарының сомасы
- D) жұмысшыға оның жұмыс күшін пайдаланғаны үшін төленетін төлем
- E) жұмысшылардың біліктілігін көтеруге жұмсалатын ақша

9. Жалақының негізгі түрлері

- A) мерзімді, төмен
- B) кесімді, жоғары
- C) мерзімді, кесімді
- D) төмен, жоғары
- E) тауар және қызмет көрсету мөлшері

10. Номиналды еңбекақы -

- A) белгілі уақыт аралығындағы ақшамен көрсетілген еңбекақы
- B) жұмысшы күшін қайта өңдеуге қажетті тауар мен қызмет көрсету мөлшері
- C) жұмысшы мен оның отбасының өмірлік құралдарының сомасы
- D) жұмысшыға төленетін жалпы еңбекақы
- E) жұмысшылардың біліктілігін көтеруге жұмсалатын сома

11. Өндірілген тауар өнімінің көлеміне қарай төленетін еңбекақы – бұл

- A) пайдадан пайыз
- B) уақтылы еңбекақы
- C) келісімді еңбекақы
- D) өткізілген тауар сомасынан алынған пайыз
- E) жалдама төлем

12. Нақты еңбекақының анықтамасы

- A) номиналды жалақыға келетін тауар және қызмет көрсетулердің мөлшері
- B) жұмысшы күшін қайта өңдеуге қажетті тауар мен қызмет көрсету мөлшері
- C) жұмысшы мен оның отбасының өмірлік құралдарының сомасы
- D) жұмысшыға төленетін жалпы еңбекақы
- E) жұмысшылардың біліктілігін көтеруге жұмсалатын сома

13. Еңбекақының экономикалық негізі болып табылады

- A) жұмысшының еңбекақысы өндіріс факторы ретінде
- B) капиталисттің өз қалтасынан төленетін төлемі
- C) «жұмысшы күші» тауарының еңбекақысы
- D) өмірлік құрал ретіндегі өндірістік шығындар
- E) қоғамдық өнімдегі жұмысшы классының үлесі

14. Тауарлармен қызмет көрсетудің өндірушіден тұтынушыға бағытталған кәсіпкерлік қызметтің түрі

- A) нарық
- B) менеджер
- C) қаржыгер
- D) сатушы
- E) маркетинг

15. Сату-сатып алу объектісі – ақша айналымы, валюталық қатынастар болатын кәсіпкерлік түрі

- A) коммерциялық кәсіпкерлік
- B) өндірістік кәсіпкерлік
- C) кеңес беру кәсіпкерлігі
- D) консалтингтік кәсіпкерлік
- E) қаржылық кәсіпкерлік

16. Нарықтық экономикадағы еңбекақа бағамы ... анықталады

- A) фирмалардың арасында білікті жұмысшыларды жалдау бәсекелестігімен
- B) еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың ара қатынасымен
- C) білікті жұмысшының жұмыс орнын таңдау мүмкіндігімен
- D) жалдамалы жұмысшылардың еңбекақысын мемлекеттік реттеумен
- E) кәсіпкерлер ассоциациясымен

17. «Қатаң» маркетинг ... білдіреді

- A) қарқынды өндірісті және өткізу нарығын ұлғайтуды
- B) өндірісті жетілдіруді және тауарлардың сапасын жақсартуды
- C) тауарларын сату мақсатында жүргізетін, тауарды өткізу әдісін
- D) тұтынушыны тарту мақсатында тауарлар бағасын төмендетуді
- E) өнімді тез өткізу үшін тауарларды өңдеуде жаңалық енгізуді

18. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға қажетті экономикалық шарттарға жатпайды

- A) мемлекеттің тұрақты экономикалық саясаты
- B) инфрақұрылымның дамуы
- C) ақша қаражаттарының қол жетімді болуы
- D) қатаң мемлекеттік бақылау
- E) төлем қабілетті сұраныстың болуы

19. Сұраныс инфляциясының пайда болу себебінің бірі

- A) жалақы мен жұмыс бастылықтың өсуінен
- B) мемлекеттік шығынның өсуінен
- C) жеке меншік инвестициясының төмендеуінен
- D) жиынтық сұраныс тұрақты болғандағы жиынтық ұсыныстың төмендеуінен
- E) өндіріс факторларының құнының өсуінен

20. Нарықтық экономикалық жүйеде негізделеді

- A) орталықтан жоспарлау
- B) экономикадағы идеология
- C) экономиканың көптараптылығы
- D) өндіруші мен мемлекет арасындағы байланыс
- E) еркін кәсіпкерлік қызмет

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.

2-БЛОК: Арнайы пән
Маркетинг
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Маркетингтің макро ортасы дегеніміз

- A) табиғи факторлар
- B) ішкі орта
- C) жеткізушілер
- D) өмір салты
- E) дін

2. Бірнеше факторға тәуелді талдауларға сүйене отырып зерттелетін объект туралы ақпарат жинау үшін қолданылатын тәсіл

- A) сауалнама
- B) интервью алу
- C) еліктеу
- D) тәжірибе
- E) бақылау

3. Сауалнама дегеніміз

- A) үрдістерді, құбылыстарды көру, есту қабілеттерінің көмегімен жүргізілген ақпарат жинау тәсілі
- B) сұрақтар тізімінің құралы -сауалнама болып саналатын сұрау тәсілі
- C) зерттеу құбылыстары туралы қорытынды жасауға мүмкіндік беретін таңдамалы зерттеу әдісі
- D) зерттеу нәтижелерін жазу
- E) зерттеушінің әлеуметтік-психологиялық әсері және респондентті тікелей бақылау арқылы жүргізілетін сұрау түрі

4. Арнайы жүргізілген маркетингтік зерттеулер нәтижесі болып табылмайтын, бұрын жиналған ішкі және сыртқы ақпарат көздерінен алынған мәліметтер дегеніміз

- A) факторлық талдау
- B) бірінші реттік ақпараттар
- C) сұрау нәтижесінде алынған мәліметтер
- D) байқау нәтижесінде алынған мәліметтер
- E) екінші реттік ақпараттар

5. Далалық зерттеулерге ... әдістер жатқызылады

- A) анықтамалық әдебиеттерді оқу
- B) сынамалы сатулар
- C) фирма балансын талдау
- D) жабдықтаушылар есеп-шотын қарастыру
- E) тауарлық құжаттама

6. Жаңа өнімдерді қабылдамайтындар

- A) жаңашылдар
- B) белсенділер
- C) прогрессистер
- D) материалистер
- E) консерваторлар

7. Маркетингтік зерттеу дегеніміз

- A) әлеуметтік ортаны
- B) экономикалық ортаны
- C) құқықтық ортаны
- D) ғылыми-техникалық ортаны
- E) нарықты зерттеу

8. Тауар ...

- A) адамның қолда бар және қажетті заттар арасындағы сәйкессіздікті жоюға деген ұмтылысы
- B) адамның қандай да бір жетіспеушілік сезімі
- C) сатып алушының тауарды немесе қызметті сатып алу ниеті
- D) өнім алмасу саласы
- E) қажеттілікті қанағаттандыру құралы

9. Тауар ассортиментінің ені

- A) ассортименттік топтардың саны
- B) әр ассортименттік топтың позицияларының саны
- C) ұсынылатын ассортименттік топтар қатынасы
- D) кәсіпорын шығаратын бұйымдар жиынтығы
- E) тауарларды сапасы бойынша бөлу

10. Фирма қызметіне қызығушылық танытушы топ

- A) бәсекелестер
- B) тұрақты сатып алушылар
- C) делдалдар
- D) жеткізушілер
- E) байланыстағы аудитория

11. Маркетингі басқару элементтері – бұл

- A) нарықты талдау, маркетингі жоспарлау, маркетингтік шаралардың орындалуын бақылау, болашақ іс-әрекетті қадағалау
- B) мақсатты нарықты іріктеу, нарықты талдау, маркетингтік шараларды жүзеге асыру
- C) нарықты сегменттеу, мақсатты сатып алушыларды кеңейту, нарықты талдау
- D) маркетингі жоспарлау, болашақ іс-әрекетті қадағалау
- E) нарықты сегменттеу, жоспарлау, бақылау

12. Марка дегеніміз

- A) оқылатын әріптер, сөздер мен олардың қисыны
- B) тауарды бәсекелестердің өнімдерінен ерекшелендіру үшін құрылған тауар атауы, термині, белгісі, суреттері
- C) маркалаудың оқылмайтын бірақ тануға болатын бөлігі
- D) түс айырмашылығы
- E) шрифтік безендіру

13. Сапалы зерттеулер өткізу мақсаты

- A) статистикалық өңдеуге жататын мәліметтерді алу және талдау
- B) сатып алушы іс-әрекетінің себептерін анықтау
- C) ауызша сауалнама
- D) пошта бойынша анкета жүргізу
- E) сұхбат алу

14. Сату субъектілері болып табылады

- A) көтерме және жеке сатушылар
- B) тұтынушылар мен өндірушілер
- C) сатып алушылар
- D) делдалдар
- E) көтерме саудагерлер

15. Қажеттілік дегеніміз

- A) адамның қолда бар және қажетті заттар арасындағы сәйкессіздікті жоюға деген ұмтылысы
- B) адамның қандай да бір жетіспеушілік сезімі
- C) сатып алушының тауарды немесе қызметті сатып алу ниеті
- D) өнім алмасу саласы
- E) қажеттілікті қанағаттандыру құралы

16. Коммивояжер ...

- A) үлгілер бойынша көшпелі көтерме немесе жекелей сатушы
- B) қойма желілері бар
- C) қойма желілері жоқ
- D) жеке сауда орны бар
- E) биржада жұмыс жасайды

17. Тауарды көтерме сауда арқылы сатуды мына жағдайда жүргізген дұрыс

- A) тұтынушы нарығында бәсекенің болуы
- B) сату бағасы мен өнімнің өзіндік құны арасында үлкен айырмашылық байқалуы мүмкін
- C) көтерме саудада тауарларды ірі партиямен сату көлік шығындарын азайтпайды
- D) өндірушінің мықты өткізу жүйесін ұйымдастыруына қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда
- E) сату бағасымен өнімнің өзіндік құны арасында шамалы айырмашылық байқалады

18. Тұтыну нарығын сегменттеу келесі белгілері бойынша жүргізіледі

- A) функционалдық, тауарлық, нарықтық, географиялық
- B) өндірістік, тауарлық, өткізушілік
- C) психографиялық, ұлттық, аймақтық
- D) әлеуметтік, мәдени, жеке, психологиялық
- E) географиялық, демографиялық, әлеуметтік, экономикалық, психографиялық, мінез-құлық

19. Тауарды жетілдіру тұжырымдамасы нені мәлімдеді

- A) өндіріс тиімділігін жоғарылатуды
- B) тауар сапасын жақсартуды
- C) тауарды сату мен ынталандыруды күшейтуді
- D) адамдар қажеттіліктерін мұқият зерттеуді
- E) өндіруші мен тұтынушы қызығушылықтарын оңтайлы біріктіруді

20. «4P» кешеніне қайсысы тиесілі

- A) PERSONAL, POWER, PLAY, PEOPLE
- B) PRODUCT, PRICE, PLACE, PROMOTION
- C) PEOPLE, PUBLIC, POLITICAL, PLAY
- D) PEACE, PROMOTION, PUBLIC, PLAY
- E) POWER, PLACE, PLAY, POLITICAL

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

21. Маркетинг объектілері _____

- A) ұйымдар
- B) материалдық тауарлар
- C) қызметтер
- D) делдалдар
- E) жеткізушілер
- F) тұтынушылар

22. Шағын ортаға ... жатады

- A) жеткізушілер
- B) делдалдар
- C) бәсекелестер
- D) заң
- E) табиғи орта
- F) ғылыми орта

23. Тауар алмасу объектісі бойынша нарықты келесідей бөледі

- A) еркін
- B) ақшалық
- C) қызмет көрсету
- D) қаржылық
- E) ақпараттық
- F) монополия нарығы

24. Респонденттерді қамту деңгейі бойынша анкеталар бөлінеді

- A) жаппай
- B) таңдаулы
- C) панелді
- D) кездейсоқ
- E) жазбаша

25. Маркетингтік зерттеудің негізгі түрлері _____

- A) нарықты зерттеу
- B) сатуды зерттеу
- C) банкті зерттеу
- D) экономикалық талдау
- E) жер-сілкіністі зерттеу
- F) табиғи ресурстарды зерттеу

26. БАҚ жарнама дегеніміз

- A) кездесулер мен пресс-конференциялар
- B) анықтамалықтар
- C) телевизиялық жарнама
- D) газеттер мен журналдардағы жарнама
- E) көліктегі жарнама

27. Макроортаның негізгі факторлары –

- A) жеткізушілер
- B) саяси-құқықтық орта
- C) экономикалық орта
- D) әлеуметтік-мәдени орта
- E) бәсекелер
- F) делдалдар

28. Маркетингтің тікелей каналы дегеніміз

- A) дистрибьютер қоймасынан сату
- B) пошта арқылы сату
- C) ұсақ көтерме кәсіпорындары көмегімен сату
- D) жеке дүкендер арқылы сату
- E) өндірушіге тиесілі дүкендер арқылы сату

29. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың негізгі әдістері

- A) салыстырмалы артықшылықтары бойынша
- B) фирма мен сала тепе-теңдігінің теориясы бойынша
- C) кәсіпорынның мерзімі
- D) фирманың нарықтық жағдайы бойынша
- E) техникалық жабдықталу деңгейі бойынша
- F) ауыстырмалы тауарлардың болуы

30. Маркетинг қызметіне ... кірмейді

- A) тауар түрлерін жоспарлау
- B) жарнамалық бюджеттің қалыптасу
- C) өндіріс технологиясын таңдау
- D) маркетингтік зерттеу
- E) нарықты зерттеу
- F) салық салу

Жағдаяттық тапсырмалар
1-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Тұтынушылардың сұраныстарын зерттеу

Құс фабрикасынан қала дүкендер желісіне тауық етін сату қысқарды. Сатылымды жоғарылату үшін осы құс фабрикасының етіне сұраныстың азаю себебін анықтау қажет. Аталған мәселені зерттеудің алғашқы кезеңі-сатып алушылар арасында сауалнама жүргізу.

31. Құс фабрикасы нарығын зерттеуді ... бастау қажет

- A) панелді зерттеуден
- B) сұхбаттан
- C) эксперименттен
- D) алғашқы деректерді жинаудан
- E) қосымша деректерді іздеуден

32. Анкета дегеніміз

- A) мәлімет алу үшін сауалнама парағы
- B) үздіксіз сынамалар түрі
- C) сұрақ-тізімдемелер
- D) эксперимент
- E) топтық сұхбат

33. Байланыс орнату үшін анкета басында қойылатын сұрақтар

- A) жабық
- B) кіріспе
- C) ашық
- D) іріктеуші
- E) қорытынды

34. Анкета жүргізу дегеніміз

- A) бақылау
- B) панель сауалнама бағдарламасымен
- C) анықтамалықтан мәліметтер дереккөзін іздеу
- D) анкета көмегімен сауалнама жүргізу
- E) сұхбат жүргізу

35. Жауаптары («ия», «жоқ», «білмеймін») таңдалатын сұрақтар

- A) жабық
- B) кіріспе
- C) ашық
- D) іріктеуші
- E) қорытынды

2-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Маркетингтік зерттеудің мәні. Маркетинг ортасы.

Сіз ірі кондитерлік фабриканың маркетинг бойынша менеджерісіз. Сізге маркетингтің қоршаған ортасына талдау жасау жүктелді.

36. Маркетингтік орта ... бөлінеді

- A) сыртқы және ішкі
- B) макро және микроорта
- C) өндірістік және ішкі
- D) микроорта және сыртқы
- E) экономикалық және макроорта

37. Сатып алушылар мен жеткізушілер қандай факторларға жатады

- A) микроорта
- B) макроорта
- C) ішкі орта
- D) сыртқы орта
- E) әлеуметтік-демографиялық орта

38. Микроортаны талдау қандай қызмет шеңберінде жүзеге асырылады

- A) сату
- B) басқару
- C) өндірістік
- D) аналитикалық
- E) техникалық

39. Байланыстық аудитория - бұл

- A) БАҚ
- B) тұтынушылар
- C) көтерме базалар
- D) жеткізушілер
- E) бәсекелестер

40. Фирмаға тікелей қатысы бар күштер

- A) микроорта
- B) макроорта
- C) дін
- D) заң
- E) табиғат

2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.